

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ  
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»  
ЧФ «Халық»

---

---

## THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

# 3 (409)

May – June 2024

---

ALMATY, NAS RK

---



В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой

грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и WoS и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагадинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

## EDITOR IN CHIEF:

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

## SCIENTIFIC SECRETARY:

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

## EDITORIAL BOARD:

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

## **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 3. Number 409 (2024), 246–265  
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.765>

ӨОЖ 378.147  
FTAMP 29.01.45

© **A.Kh. Sarybayeva**<sup>1\*</sup>, **Zh.I. Issayeva**<sup>1</sup>, **Ali Choruh**<sup>2</sup>, 2024

<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Sakarya University, Sakarya, Turkey.

E-mail: [alya.sarybayeva@ayu.edu.kz](mailto:alya.sarybayeva@ayu.edu.kz)

## THE METHOD OF ADAPTIVE LEARNING WITH THE USE OF DIGITAL RESOURCES FOR THE SUBJECT «COMPUTER METHOD OF PHYSICS» FOR FUTURE TEACHERS

**A.Kh. Sarybayeva** — candidate of pedagogic sciences, Associate Professor Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [alya.sarybayeva@ayu.edu.kz](mailto:alya.sarybayeva@ayu.edu.kz). <https://orcid.org/0000-0001-6002-6243>;

**Zh.I. Issayeva** — Doctoral student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [jadraisa111@mail.ru](mailto:jadraisa111@mail.ru). <https://orcid.org/0009-0009-5038-8414>;

**Ali Choruh** — PhD, Associate Professor, Sakarya University, Sakarya, Turkey

E-mail: [coruh@sakarya.edu.tr](mailto:coruh@sakarya.edu.tr). <https://orcid.org/0000-0002-73626173>.

**Abstract.** The methodologists' works analyze the didactic problems of training future physics teachers and the use of information and communication technologies, electronic and digital resources in the education system. It is scientifically and theoretically substantiated that future physics teachers can use digital resources to teach the subject "Computer Methods of Physics" of the adaptive direction of education, use types of computer lessons, create tasks, build knowledge, practical flexibility and skills of future physics teachers. In the training of future physics teachers, the goals of adaptive teaching of the subject "Computer Methods of Physics" using digital resources are determined, the role and place of the subject among other subjects is revealed. The main goal of the methodological system, its content and methodology were created on the basis of the subject "Computer Methods of Physics". The content of the general lecture and practical classes on the subject "Computer Methods of Physics" is presented. Fundamental and universal theories, laws and concepts of the subject "Computer methods of physics" were studied from the point of view of their suitability for the purposes of teaching physics in higher educational institutions, their scientific nature, clarity, taking into account interdisciplinary connections, and digital resources were analyzed, as well as the possibilities and principles of their presentation. For the principles of learning, didactic conditions related to technologies for using modern digital resources have been defined. The preparation of future physics teachers to solve practical problems was ensured by the use of projects, problem-based, collective teaching methods in lectures, practical classes, and independent work of students. A methodology for using these methods in classes within the subject



“Computer Methods of Physics” has been developed. The competencies of future physics teachers provided for by the program have been formed. The effectiveness of adaptive teaching of the subject “Computer Methods of Physics” using digital resources in the preparation of future physics teachers has been tested.

**Keywords.** Physics, computer methods, future teachers, digital resources, information technology, computer models, electronic resources

© Ә.Х. Сарыбаева<sup>1\*</sup>, Ж.И. Исаева<sup>1</sup>, Али Чорух<sup>2</sup> 2024

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан;

<sup>2</sup>Сакарья университеті, Сакарья, Түркия.

E-mail: alya.sarybayeva@ayu.edu.kz

## **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРГЕ «ФИЗИКАНЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК ӘДІСТЕРІ» ПӘНІН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНЫП АДАПТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

**Ә.Х. Сарыбаева** — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

E-mail: alya.sarybayeva@ayu.edu.kz. <https://orcid.org/0000-0001-6002-6243>;

**Ж.И. Исаева** — Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты, Түркістан, Қазақстан

E-mail: jadraisa111@mail.ru. <https://orcid.org/0009-0009-5038-8414>;

**Али Чорух** — PhD, доцент, Сакарья университеті, Сакарья, Түркия

E-mail: coruh@sakarya.edu.tr. <https://orcid.org/0000-0002-73626173>.

**Аннотация.** Болашақ физика мұғалімдерін даярлау және ақпараттық коммуникациялық технологияларды, электрондық және цифрлық ресурстарды білім беру жүйесінде қолданудың дидактикалық мәселелері әдіскер-ғалымдардың еңбектері зерделенді. Болашақ физика мұғалімдеріне «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін цифрлық ресурстарды қолданып адаптивті оқыту бағыттарын, компьютерлік сабақтардың түрлерін қолданып, есептерді шығару, болашақ физика мұғалімдерінің білімдерін, практикалық икемділіктер мен дағдыларын қалыптастыруға болатындығы ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделді. Болашақ физика мұғалімдерін даярлауда «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін оқытудың цифрлық ресурстар арқылы адаптивті оқытудың мақсаттары анықталды, пәннің басқа да пәндер арасында алатын рөлі мен орны ашып көрсетілді. «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінен әдістемелік жүйенің негізгі мақсаты, оның мазмұны мен әдістемесі жасалды. «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінің жалпы лекция және практикалық сабақтардың мазмұны берілді. «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінің іргелі де әмбебап теорияларын, заңдары мен олардың мазмұнына кіретін ұғымдарын, физиканы ЖОО-да оқытудың мақсатына сай болуы, ғылымилығы, түсініктілігі, пәнаралық байланыстарының және цифрлық ресурстардың ескерілуі тұрғысынан зерттеп, оларды баяндау мүмкіндіктері мен қағидаларына талдау жасалды. Оқыту қағидаларына қазіргі заманғы цифрлық ресурстарды қолдану технологияларына байланысты дидактикалық шарттар анықталды. Болашақ физика мұғалімдерінің практикалық мәселелерді шешуге даярлығын қалыптастыру



дәріс сабақтарында, практикалық сабақтарда, студенттердің өздік жұмыстарында жобалар, проблемалық, ұжымдық оқыту әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етілді. «Физиканың компьютерлік әдістері» пәні шеңберінде аталған әдістерді сабақтарда қолданудың әдістемесі жасалынды. Болашақ физика мұғалімдерінің бағдарлама бойынша берілген құзыреттіліктері қалыптастырылды. Болашақ физика мұғалімдерін даярлауда «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін цифрлық ресурстарды қолданып адаптивті оқытудың тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілді.

**Түйін сөздер:** физика, компьютерлік әдістер, болашақ мұғалімдер, цифрлық ресурстар, ақпараттық технологиялар, компьютерлік модельдер, электрондық ресурстар

© **А.Х. Сарыбаева<sup>1\*</sup>, Ж.И. Исаева<sup>1</sup>, Али Чорух<sup>2</sup>** 2024

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,  
Туркестан, Казахстан;

<sup>2</sup>Университет Сакарья, Сакарья, Турция.

E-mail: alya.sarybayeva@ayu.edu.kz

## **МЕТОДЫ АДАПТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЦИФРОВЫХ РЕСУРСОВ ПО ПРЕДМЕТУ «КОМПЬЮТЕРНЫЕ МЕТОДЫ ФИЗИКИ» ДЛЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ**

**А.Х. Сарыбаева** — кандидат педагогических наук, доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: alya.sarybayeva@ayu.edu.kz. <https://orcid.org/0000-0001-6002-6243>;

**Ж.И. Исаева** — докторант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: jadraisa111@mail.ru. <https://orcid.org/0009-0009-5038-8414>;

**Али Чорух** — PhD, доцент, Университет Сакарья, Сакарья, Турция

E-mail: coruh@sakarya.edu.tr. <https://orcid.org/0000-0002-73626173>.

**Аннотация.** В работах методистов проанализированы дидактические проблемы подготовки будущих учителей физики и использования информационно-коммуникационных технологий, электронных и цифровых ресурсов в системе образования. Научно и теоретически обосновано, что будущие учителя физики могут использовать цифровые ресурсы для преподавания предмета «Компьютерные методы физики» адаптивного направления обучения, использовать виды компьютерных уроков, создавать задачи, формировать знания, практическую гибкость и умения будущих учителей физики. В подготовке будущих учителей физики определены цели адаптивного преподавания предмета «Компьютерные методы физики» с использованием цифровых ресурсов, раскрыты роль и место предмета среди других предметов. Основная цель методической системы, ее содержание и методология были созданы на основе предмета «Компьютерные методы физики». Изложено содержание общей лекции и практических занятий по предмету «Компьютерные методы физики». Фундаментальные и универсальные теории, законы и понятия предмета «Компьютерные методы физики» изучались с точки зрения их пригодности для целей преподавания физики в высших учебных заведениях, их научности, наглядности, учета междисциплинарных связей и проанализированы цифровые ресурсы, а также

возможности и принципы их представления. Для принципов обучения определены дидактические условия, связанные с технологиями использования современных цифровых ресурсов. Подготовка будущих учителей физики к решению практических задач обеспечивалась использованием проектов, проблемных, коллективных методов обучения на лекциях, практических занятиях, самостоятельной работе студентов. Разработана методика использования этих методов на занятиях в рамках предмета «Компьютерные методы физики». Сформированы компетенции будущих учителей физики, предусмотренные программой. Проверена эффективность адаптивного преподавания предмета «Компьютерные методы физики» с использованием цифровых ресурсов при подготовке будущих учителей физики.

**Ключевые слова:** физика, компьютерные методы, будущие учителя, цифровые ресурсы, информационные технологии, компьютерные модели, электронные ресурсы

### **Кіріспе**

XXI ғасырда мұғалімнің басты мақсаты – инновациялық педагогикалық технологияны меңгеру, оны өз тәжірибесінде пайдалану. Болашақ мұғалімдердің инновациялық белсенділігіне олардың осы технологиялардың күнделікті өмірде қолданбалылығын білуін, кәсіби іс-әрекетінде цифрлық ресурстар (ЦР) пайдалануын және т.б. жатқызуға болады. ЖОО бітіруші маманның практикада кездесетін мәселелерді шешуі үшін қажетті білімі болуы және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана алуы тиіс.

Болашақ физика мұғалімдерін даярлау және ақпараттық коммуникациялық технологияларды, электрондық және цифрлық ресурстарды білім беру жүйесінде қолданудың дидактикалық мәселелері әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде (Polat et al., 2023; Роберт, 2020), жоғары оқу орнында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімінің кәсіби даярлығын (Маусымбаев, Желдыбаева, 2016), оқытудың компьютерлік модельдеу құралдарын қолдану, имитациялық бағдарламаларды жобалау, оқу экспериментінде имитациялық модельдер жүйесін қолдану жайлы (Разумовская, (1992), физика саласында білім беруді ақпараттандыру жайлы (Керимбаев, 2012), болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіруде электронды оқулықтарды қолдану жолдары, оқушылардың табысты іс-әрекеті үшін болашақ мұғалімдердің компьютерлік технологияларды қолдану дайындығын қалыптастыру ерешеліктері (Турсынбаев et al., 2024; Sarybayeva et al., 2023) т.б. қарастырды.

Қазіргі цифрлық ресурстардың көптеп пайда болуына байланысты заманауи жаратылыстану ғылымдарының әр түрлі салаларындағы физиканың компьютерлік әдістерін қолдану қарқынды түрде арта бастады.

Цифрлық ресурстарды қолдану мәселелерін көптеген еңбектерден көруге болады. Элен Битэм, Рона Шарптың «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу: XXI ғасырдағы оқыту дизайны» (Бахтиярова, 2020), Дейл Х.Шунктың «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» атты жұмыстарында (Шунк, 2019), Н.Е. Суркова «Орта білім беру мекемесінде қашықтықтан оқыту кезінде цифрлық білім беру ресурстарын құру және қолдану әдістемесі» атты жұмысында қашықтықтан оқыту мәселелері (Суркова et al., 2015), қолданылатын техниканың, бағдарламалық құралдардың сенімділігі, оқушылардың қызығушылығы, ақпараттық мәліметтер базасын қашықтықтан пайдалана білу машықтары, компьютерде жұмыс істей білу, сандық білім беру ресурстарын және т.с.с. екендігін зерделеген.

Цифрлық ресурстарды қолдану жағдайында адаптивті оқыту айтарлықтай өзекті болады, өйткені мұндай білім берудің негізгі мақсаты оқушылардың қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктеріне, оның ішінде оқу қабілеттеріне, қолайлы қарқынға бейімделуге мүмкіндік беретін белгілі бір икемділік – жұмсақ дағдыларды (soft skills) қалыптастыратын құрал ретінде қарастырылады.

Адаптивтілік немесе бейімделу — адамның өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілеті. Бейімделу адамның интеллектуалдық қасиеттерін білдіреді, соның арқасында білімалушы өзіне жүктелген психикалық міндеттер мен жағдайларға сәйкес өзінің ойының бағытын және өзінің барлық интеллектуалдық әрекетін өзгерте алады. олардың шешімі.

Адаптивті оқыту — бұл оқушының іс-әрекетіне нақты уақыт режимінде жауап беретін және алынған ақпаратқа сәйкес оған жеке қолдау көрсететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Адаптивті оқытудың негізі студентке дараланған көзқарас болып табылады: ол пәндердің материалдарын қабілеті мен қажеттіліктеріне қарай оқуға ынталандырады (Hsu et al., 2010).

Студент үшін бейімделу оның жасына, қабілетіне және біліміне сәйкес оқу материалының ұсынылатынын білдіреді (FitzGerald et al., 2018), (Henning et al., 2014).

Физика — қолданбалы ғылым екені белгілі. Оның пәні, негізгі мақсаттары мен міндеттері тәжірибемен тағайындалады. Физиканың ғылым ретінде қазіргі таңда қолданылу саласы шексіз: ғылымда, техникада, өндірісте, білім және т.б. салаларда. Физика адамзат өмірінің алуан түрлі салаларында кеңінен қолданылатындықтан, ЖОО-да осы ғылымның модельдерін оқыту және қолдану маңызды болып табылады (Batyrbekova et al., 2020).

Осы мақсаттар жоғары оқу орындарының жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарында да айқын көрсетілген және оқытылатын пәндердің практикалық бағдарлылығын күшейтуді міндеттейді. Оның ішінде жаратылыстану бағытында оқытылатын физика пәндері де қарастырылады.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәні 6B01510-«Физика» білім беру бағдарламасында оқитын студенттер үшін кәсіби пәндер қатарына жататындығы белгілі. Осы пән болашақ физика мұғалімдерін даярлауда жетекші орындардың бірінде тұрады және онсыз мамандарды дайындау мүмкін болмайтындай маңызды да іргелі міндеттерді анықтайды.

Бірақ, жоғарыда көрсетілген ғалымдардың зерттеулерінде тек физиканы оқытуда ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қолдануға көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар, пәнді оқытуда цифрлық ресурстарды қолданып адаптивті оқыту тәсілдері айқын және жан-жақты талданбаған. Болашақ мұғалімдерді даярлауда пәнді адаптивті оқытуды цифрлық ресурстар арқылы арттыру мәселелері ғылыми зерттеулерден тыс қалған.

Жоғарыда аталған еңбектерді талдай, саралай келе жоғары оқу орындарында физиканы, оның ішінде «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін оқытуда цифрлық ресурстарды қолданып адаптивті оқыту мәселесі теориялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыда әлі де жетілдіруді қажет ететін тың тақырып екеніне көзіміз жетті.

### **Материалдар мен негізгі әдістер**

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін оқытуда цифрлық ресурстарды

қолданып адаптивті оқыту жағдайында студенттерді оқытудың мақсаты – бірқатар теориялық материалдарды меңгеру ғана емес, сонымен қатар алған білімдерін өз бетінше цифрлық білім беру ресурстарын қолдана алу дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету. Пән бойынша білімдерді саналы түрде меңгеру оларды алуан түрлі жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Ол үшін білімгерлердің танымдық әрекетін жандандыру және олардың түйсінуді мен ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді пайдалану қажет. Атап айтқанда: жобалар әдісін, проблемалық әдістерді, продуктивті оқыту әдісі мен ұжымдық оқыту әдістері.

### **Нәтижелері мен талқылау**

Болашақ физика мұғалімдерін даярлауда «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін адаптивті оқытуда цифрлық ресурстарды қолданудың әдістемелік жүйесіне өзара байланысқан бірқатар элементтер енеді. Олардың ең бастысы оқытудың мақсаты болып табылады. Оқыту мақсаты оқыту мазмұнын ашады және әдістемелік жүйенің жеке элементтеріне (әдістеріне, құралдарына және оқытуды ұйымдастыру формаларына) ықпал етеді.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін оқыту мазмұнының өзгеруі цифрлық білім беру ресурстары түрлерін қолдануды қажет етеді.

Пән материалының жаңа мазмұны компьютер көмегімен (бағдарламалар негізінде) практикалық жұмыстардың (есептеу, өлшеу, графикалық) рөлін арттырады.

Оқыту мақсаттарына байланысты студенттердің өзіндік жұмысы (топтық және жеке) болатын әдістерді қолданудың орны ерекше. Білімгерлердің орындайтын өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың алуан түрлі формаларына есептерді шығару және т.б., сонымен қатар оқыту формаларына: элективті курстар, педагогикалық және өндірістік практикалар; есептеуге, өлшеуге, графикалық есептерді орындауға бағытталған практикалық сабақтар; виртуалды зертханалық жұмыстарды жатқызуға болады. Оқу әрекетін ұйымдастырудың әр түрлі формалары білімгерлердің танымдық қабілетін дамытуға бағытталған оқыту әдістерін пайдалануға жағдай жасайды.

Осылай әдістемелік жүйенің барлық элементтері (мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары, ұйымдастыру формалары) оқу үдерісін ұйымдастыруда бір-бірімен тығыз байланыста болады.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінен әдістемелік жүйенің негізгі мақсаты төмендегідей анықталды:

- логикалық және физикалық ойлауын дамытады, математикалық амалдар мен түрлендірулерді орындауға жаттықтырады, физикалық заңдар мен эксперименттің сандық және сапалық мағыналарын ашады;

- физикалық құбылыстар мен заңдылықтардың практикалық маңызына және өмірмен, информатикамен байланыстылығына көз жеткізеді;

- студенттерді тапқырлыққа, өз бетінше жұмыс істеуге, ақпараттық технологияларды қолдана алуына, физикалық процестердің модельдерін жасай алуға үйретеді;

- физикалық ұғымдарды, студенттердің практикалық іскерліктері мен дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады;

- студенттердің білімдерінің тереңдігі мен беріктігін тексереді;
- пәнаралық байланысты күшейтуге ықпал жасайды;
- студенттердің физикаға деген қызығушылығын арттырады.

Қазіргі кезеңде компьютерді оқу үдерісінде пайдалана білетін тәжірибелі мұғалім кадрларын даярлау міндеті қойылып отыр. Біздің елімізде ақпараттық қоғам жағдайында болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне деңгейі мен мазмұны өзгерген сапа тұрғысынан жаңа тұрпатты мұғалімдер даярлауды талап етеді. Физика пәнінің мұғаліміне цифрлық ресурстарды қолданып оқыту жоғары оқу орындарында физиканы оқыту теориясы мен әдістемесін және тәрбиелеу нәтижесінің жайын елеулі түрде өзгертуге, жаңартуға негіз салушы бола алады.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәні әдістемелік жүйесінің мақсаттары анықталды, енді оның мазмұны мен әдістемесін анықтайық.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінің оқу бағдарламасы 6B01510 - Физика білім беру бағдарламасы болашақ мұғалімдерге цифрлық ресурстарды қолданып оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін көреміз. Алайда, қазіргі қолданыста бар осы пәннің бағдарламалары цифрлық ресурстарды жүзеге асыру қажеттілігін толығымен қарастырмайды. Осыған орай, біз осы мәселенің шешімін табуға тырысып көреміз.

Біздің ойымызша, «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінің мазмұнын анықтауда цифрлық ресурстарды қолдану ерекшеліктерін ескеру қажет.

6B01510 - Физика білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге «Физиканың компьютерлік әдістері» курсы 4 курстың 7-семестрінде оқытылады.

Физика білім беру бағдарламасы оқу бағдарламаларының басты міндеті – әрбір бөлім арасында және бөлімдегі тақырыптар арасында ғылыми-логикалық байланыстың бар болуын қамтамасыз ету. Физика курстының әрбір бөлімі кезінде көптеген талқылануды, талдауды басынан өткізді, нәтижесінде жаңа ұғымдармен кеңейтілді, ғылымның соңғы жетістіктерімен байытылды.

6B01510 - Физика білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер үшін «Физиканың компьютерлік әдістері» пәніне жоспарланған кредит саны – 3, яғни 135 сағат, ұзақтылығы 15 апта, оның ішінде лекцияға 15 сағат, практикалық сабаққа 30 сағат, оқытушы басшылығымен өтетін өзіндік жұмысқа (СОӨЖ) 45 сағат, студенттің өзіндік жұмысына (БӨЖ) 45 сағат бөлінеді. Осыған сәйкес пәннің оқу бағдарламасы, силлабусы, лекциялық, практикалық сабақтардың оқу әдістемелік кешені, БОӨЖ, БӨЖ тақырыптарының тізімі дайындалды.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін оқыту мақсаты - физика есептерін шығарғанда, физикалық процестерді модельдегенде, ақпараттарды өндеген кезде компьютерлік әдістерді қолдана білу.

Міндеттері:

- Қазіргі кездегі күрделі операциялық ортада мәтіндерді өңдейтін қолданбалы пакеттер, ақпараттарды графикалық елестету және т.б. жұмыстарда дағдысы болуы;
- Жоғарғы деңгейлі программалау тілдері әдістері аумағында фундамен- тальды даярлықтан өту (визуальды программалауды қоса);
- Физикадан компьютерлік модельдеу дағдысын меңгерту.

Пәнді толық меңгеру нәтижесінде студенттер:

- қазіргі кездегі күрделі операциялық ортада мәтіндерді өңдейтін қолдан- балы пакеттер, ақпараттарды графикалық елестету жұмыстарын жүргізе білуі тиіс;



- физика есептерін шығаруда компьютердің көмегіне сүйене отырып онымен жұмыс жасайды, физиканың әртүрлі бөлімдерінен күрделі есептер шығарған кезде тәжірибе алу арқылы түрлі құралдарды пайдалануы тиіс;

- физика есептерін шығарғанда, физикалық процестерді модельдегенде, ақпараттарды өндеген кезде компьютерлік әдістерді қолдана алады;

- шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істей білуі тиіс;

- ойын жүйелі түрде жеткізе алады, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, дебат ұйымдастыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, білімдерін өмірмен байланыстыруы тиіс.

Болашақ физика мұғалімдері үшін «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінің мәні жоғары. Аталған пән бағдарламасында төмендегідей тақырыптар қарастырылған:

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінің жалпы мазмұны:

оның ішінде, лекция сабақтарының мазмұны:

1-Модуль. Компьютерлік технологияның маңызы

Кіріспе. Есептеу техникасының даму тарихы. Жаңа физикалық ойлардың компьютерлік технологияның дамуына ықпалы. Операциялық жүйелер және операциялық қауашақ. Типтік операциялық жүйелер. Файлдар, файлдық жүйе. Операциялық қауашақ қолданбалы интерфейс, негізгі командалары. Физиканың компьютерлік технологиямен өзара байланысы. Қазіргі замандағы компьютерлік технологияның дамуы. Компьютерлік бағдарламалар. Зертханадағы компьютер. Компьютер арқылы аналитикалық есептеу. Компьютерлік эксперимент әдістеріне кіріспе. Физикалық эксперимент нәтижелерін компьютер арқылы өндеу. Есептеу физикасы. Есептеу физикасының пәні. Анықталған интегралдарды, дифференциалдық теңдеулерді есептеу. Физикалық есептерді компьютер арқылы шешу әдістері.

2-Модуль. Физикадағы компьютерлік модельдеу

Физикалық процестерді математикалық модельдеу. Физикалық есептерді модельдеу. Физикалық құбылыстарды имитациялық модельдеу.

Теориялық физикадағы компьютерлік эксперимент әдістері.

Практикалық сабақтардың мазмұны: Физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдеуде қолданылатын құралдар. Алгоритм, алгоритмнің тармақталуы. Екі дененің соқтығысуын компьютерлік модельдеу арқылы зерттеу. Бірқалыпты үдемелі қозғалыстағы денелерді компьютерлік модельдеу арқылы зерттеу. Маятниктерді компьютерлік модельдеу арқылы зерттеу. Шеңбер бойымен қозғалатын денелерді компьютерлік модельдеу арқылы зерттеу. Физиканың молекулалық физика бөліміндегі физикалық процестерді компьютерлік модельдеу. Физиканың электродинамика бөліміндегі физикалық процестерді компьютерлік модельдеу ерекшеліктері. Физиканың тербелістер және толқындар бөліміндегі физикалық процестерді компьютерлік модельдеу ерекшеліктері. Физиканың ядролық физика бөліміндегі физикалық процестерді компьютерлік модельдеу ерекшеліктері. Екі өлшемді және үш өлшемді графиктерді құру әдістері. Қысық сызықты фигуралардың ауданын сандық әдістер арқылы есептеу. Интегралдар. Дифференциалдық теңдеулер Эйлер әдісі.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнінің іргелі де әмбебап теорияларын,

зандары мен олардың мазмұнына кіретін ұғымдарын, физиканы ЖОО-да оқытудың мақсатына сай болуы, ғылымилығы, түсініктілігі, пәнаралық байланыстарының және цифрлық ресурстардың ескерілуі тұрғысынан зерттеп, оларды баяндау мүмкіндіктері мен ұстанымдарына талдау жасадық.

Болашақ физика мұғалімдеріне «Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін адаптивті оқытуда цифрлық ресурстарды қолданудың дидактикалық қағидаларымен сәйкес жүзеге асырылды. Оларға ғылымилық, проблемалық, көрнекілік, саналылық және белсенділік, жүйелілік және бірізділік, теорияның практикамен байланыс қағидалары жатады. Алғаш рет аталған қағидаларды қолдану ерекшеліктері оларды цифрлық ресурстарды пайдаланып оқыту мүмкіндіктерімен байланысты анықталды. Осыған байланысты біз төмендегілерді басшылыққа алдық:

Оқытудың қағидалары өзара байланысты, олар бір бүтін жүйені құрайды. Осы қағидаларды ескере отырып, цифрлық ресурстарды қолдануда маңызды рөл атқаратын негізгі қағидалар ретінде біз төмендегілерді басшылыққа алдық:

1. Ғылымилық қағидасы. Оқу материалының мазмұнын ғылыми сенімділікпен баяндауды қамтамасыз ету – соңғы ғылыми жетістіктерді ескеру қажеттілігін білдіреді. Цифрлық ресурстар арқылы оқу материалын меңгеру процесі қазіргі ғылыми таным тәсілдеріне (эксперимент, салыстыру, бақылау, абстрактілеу, жалпылау, нақтылау, аналог, индукция және дедукция, анализ бен синтез, модельдеу әдістеріне), сонымен бірге математикалық, жүйелі анализге сәйкес құрылуы тиіс. Мәселен, екі дененің соқтығысуын компьютерлік модельдеу арқылы зерттеу, бірқалыпты үдемелі қозғалыстағы денелерді компьютерлік модельдеу арқылы зерттеу т.т.

2. Проблемалық оқыту қағидасы. Оқу танымдық іс-әрекетінің маңызы мен сипаттамасына жағдайында оқыту. Егер білім алушы проблемалық жағдайлармен кездескен кезде оның шешімін табу жолдарын қарастыруда оның ойлау белсенділігі дамиды. Мұндай дидактикалық талапты кәдімгі оқулықтарды қолданудан гөрі цифрлық ресурстар көмегімен орындау тиімді. Мысалы, маятниктерді компьютерлік модельдеуде проблемалық сұрақтар арқылы талдаймыз.

3. Көрнекілік қағидасы. Зерттелетін объектілерді, олардың макеттерін немесе модельдерін сезімдік қабылдауды ескеру және білім алушының өзінің бақылау мүмкіндіктерін ашады. Цифрлық ресурстарда көрнекілік талапты жүзеге асыру жаңа, мүмкіндігінше жоғары дәрежеде қамтамасыз етілуі тиіс. Мультимедиа элементтерін пайдалану адамның ақпаратты қабылдауының барлық каналдар қамтиды. Цифрлық ресурстарда нақты виртуалдық жүйені қолдануға қол жеткізіледі.

4. Саналылық, өз бетінше жұмыс, іс-әрекеттегі белсенділік қағидалары. Оқу ісінде соңғы мақсаттар мен міндеттерді дәл түсінуде оқу ақпаратын цифрлық ресурстардан алудың өзіндік іс-әрекетін қамтамасыз ету, бұл жерде ол үшін оқу процесін саналы бағыттау т.т. Мәселен, бұған физиканың молекулалық физика бөліміндегі физикалық процестерді компьютерлік модельдеу сияқты тақырыптарды жатқызуға болады.

5. Жүйелілік және бірізділік қағидасы. Оқылатын пән саласында белгілі бір білім жүйесін анықтауда меңгерудің бірізділігін қамтамасыз ету. Білім, іскерлік және дағды анықталған жүйеде, қатаң логикалық тәртіппен қалыптастырылу қажет және практикалық өмірдегі әрекетте өзінің қолданылуын табуы тиіс: оқу материалы жүйелі және құрылымдық түрде берілуі тиіс; оқу ақпаратының әрбір бөлігін ұйымдастыруда білім, біліктілік және дағдыларды қалыптастыру. Мысалы, қисық



сызықты фигуралардың ауданын сандық әдістер арқылы есептеуде жүйелілікті қажет етеді.

6. Теорияның практикамен байланыс қағидасы бойынша. Оқу материалының практикалық бағдарланғыштығы. ЦБР-дың қоғам мен экономиканың қазіргі заманғы даму процесіне бағдарлануы қажет.

Жоғарыда аталған педагогикалық қағидаларға қосымша қазіргі заманғы цифрлық ресурстарды қолдану технологияларына байланысты арнайы төмендегідей дидактикалық шарттарды игерген жөн сияқты:

1. Бейімділік шарты. Цифрлық ресурстарды студенттің жеке мүмкіндіктеріне байланысты бейімдеу. Бұл білім мен іскерлікті студенттің психологиялық ерекшеліктеріне қарай оқыту үдерісінде бейімдеу. Бейімделудің бірінші деңгейі материалды меңгерудің өзіне қолайлы түрін таңдау мүмкіндігі, екіншісі студенттің жағдайын диагностикалау, үшіншісі студенттер үшін бағдарламаны қолданудың бірнеше нұсқасын жасаумен сипатталады.

2. Оқытудағы интерактивтілік шарты. Оқыту үдерісінде студент пен цифрлық ресурс (ЦР) арасында өзара байланыс болуы тиіс. ЦР интерактивті диалогты немесе кері байланысты қамтамасыз етуі керек. Интерактивті диалогты ұйымдастырудың негізі шарты цифрлық ресурстарды қолданушы студенттің кері әсері қажет.

3. Компьютерлік визуалдық шарты. Бұл шарт бойынша қазіргі заманғы ақпараттық бейнелеу құралдары мүмкіндіктерін (компьютерлер, мультимедиялық проектор, виртуальдық құралдар, қажетті бағдарламамен қамтамасыздандыру), оқу ақпаратындағы цифрлық ресурстарды сапасын салыстырып талдау.

4. Интеллектуальдық потенциалын дамыту шарты. Цифрлық ресурстар арқылы әртүрлі ойлау түрлерін (алгоритмдік, көрнекі бейнелеу, рефлексстік, теориялық), қиын жағдайларда тиісті шешімдер қабылдау, ақпаратты өңдеу біліктіліктерін қалыптастыру.

5. Құрылымдық–функционалдық байланыс шарты. Цифрлық ресурстардағы барлық қажетті оқу материалдарын көрсету.

6. Оқытудың дидактикалық циклінің үзіліссіздігін қамтамасыз ету шарты. Цифрлық ресурстарды қолдану барысында оның дидактикалық циклінің барлық аралықтарының мүмкіндіктерін көрсету болып табылады.

Қолданылған цифрлық ресурстардың артықшылықтарына мыналар жатады:

- цифрлық ресурстарды жұмыс істегенде пайдаланушы оның әр түрлі режимін таңдай алуы;
- оқу элементтерімен интерактивті байланыстың болуы;
- студенттердің білім деңгейін тексеруді автоматтандыру арқылы жүйелеу;
- цифрлық ресурстарды толық көлемдегі мультимедиялық безендірілуі.

Цифрлық ресурстарды қолдану кезінде біз даралап оқытуға, сабақтың көрнекілігін кеңейтуге, студенттерге белгілі бір іс–әрекет тәсілдерін меңгертуге, оқытуды рефлексивті (шартты) басқаруға, студенттердің арасында рефлексациялық қатынасты дамытуға мүмкіндік беретін психологиялық аспектілерді басшылыққа алдық.

Цифрлық ресурстарды пайдаланған кезде оларға қойылатын мынадай психологиялық–педагогикалық талаптар сақталуы тиіс:

- пайдаланушының сапалы және белсенді іс–әрекетін қамтамасыз ету;
- оқытуды іске асыруға қол жеткізу;

- оқытуды көрнекілікпен қамтамасыз ету;
- интерактивті байланыс жасау;
- сервистік қызмет көрсету.

Цифрлық ресурстарды сабақты ұйымдастыруда, оқытудың әдістемесін жетілдіруде физика пәні мұғалімінің оқыту тиімділігін арттыруға мейлінше бейімделген. ЦР-ның мазмұны оқытудың білім беру, тәрбиелеу, және дамыту функциясын толық түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Физиканың компьютерлік әдістері» пәнін адаптивті оқытуда компьютерлік модельдеуді пайдалану математикалық модельді компьютерлік модельге түрлендіру арқылы оны ары қарай оқып үйрену мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Осы пәннен лекция сабағының мысалын қарастырайық.

Лекция тақырыбы: Физикалық есептерді модельдеу

Лекция жоспары

1. Физикалық есептерді модельдеу.
2. Виртуальды модельдер арқылы орындалатын тапсырмалар.

Лекция мақсаты мен міндеттері: Студенттерге физикалық есептерді модельдеуге үйрету.

#### ***Лекция мазмұны:***

Компьютер оқыту іс-әрекетін басқару функциясы ретінде қолданылатын болса, оқыту құралы ролін атқарады. Яғни оқыту үрдісін модельдейді, студентның сұрақтарына жауап бере алады, онымен интерактивті қарым-қатынасқа түседі. Қазіргі компьютерлік оқыту сапалық жағынан өте жоғары бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Енді оқытушының міндеті қазіргі әдістемелік, педагогикалық-психологиялық талаптарға сай бағдарламаларды дұрыс тандап, оларды шебер қолдана алуға саяды. Модельдеу үрдісі ертеден қолданылып келе жатқан құбылыс. Компьютерлік модельдеудің пайда болып, қауырт дамуы жаңа теориялармен және модель түсінігінің жүйеленген ұғымдарымен толыға түсті. Нақты физикалық модельдерге қарағанда виртуальды модельдер әлдеқайда арзан, мобильді және кейбір жағдайларда функционалдылығы жоғары болып келеді. Тез немесе өте баяу үрдістерді виртуальды модельдерде қалаған жылдамдықта зерделей аламыз, сонымен қатар мектеп жағдайында жүргізуге мүмкін болмайтын қымбат немесе қауіпті үрдістер виртуальды зертханалық жұмыс арқылы жүзеге асырылады. Компьютерлік модельдерді қолдану терең сапалық және сандық талдау жасауға мүмкіндік береді.

